

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балапан» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Қасымбекова Гулзакира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	07.08. - 11.08.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

	(сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. (еңбек дағдылары)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. (еңбек дағдылары)	"Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарта тұрған ойыншықтар мен құралдарды реттеп, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. (еңбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктерін күту. Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу (қурап қалған жапырақтарды алып тастау), күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. (еңбек дағдылары)
	"Сыпайы бол" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға	"Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды топтастыруға,	"Би билеген баламыз" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды	"Бір сөзбен ата" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға көгөністерді,	"Лото "Қысқы және жазғы ойындар"" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жазғы

	дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту) Санамақты мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты мәнерлеп айтуға, мәтіннің мәніне сай қимылдарды жасауға дағдыландыру; есте сақтау, түйсік, сөйлеу қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Екі көз бен қос құлақ, Бір бас пенен бір мұрын. Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің ...	олардың жалпы атауын айтқызуға дағдыландыру; зейінді, қабылдауды, ойлау қабілетін дамыту. Балалар берілген суреттерді топтарға жинайды: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. бойынша. (танымдық дағдылар) "Пойыз келе жатыр" саусак жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды	эмоцияларын, дене мүшелерін дамыту.. Жаттығу жасап көреміз, (Адымдау) Қолды көкке көтеріміз, (Қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (Қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (Оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (Оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (Сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (Қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (Шапалақтау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Суретті құрастыр"	жемістерді жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) "Толқиды теңіз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: «Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.	және қысқы ойындар жайындағы түсініктерін нығайту; екі топқа бөлуге дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Құралдары: жазғы және қысқы ойындар туралы сурет- карточкалар. (танымдық дағдылар) "Түймеше" саусак жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.
--	--	--	--	--	--

	Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды, Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ- балапанын. (М. Қуанышбеков) (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	дамыту. Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады: - Алақай! Алақай! (Алақандармен	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, танымдық дағдылар)	(дене шынықтыру)	Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)
--	---	---	--	--------------------------------	---

		шапалақтау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені: "Орамал" Жүру және жүгіру, бірінің соңынан бірі жүру. Аяқтың ұшымен жүру. Шеңберге тұру. Орамалды көрсетіндер. Аяқты сәл алшақ қойып, қолды артқа жасырамыз. Қолды алға созып, қайтадан жасыру. (3 рет қайталау) Келесі қолға орамалды ауыстырып, осы жаттығуды қайталау. Орамалды орнына қою. Тағы солай отырып, орамалды орнына қойып, тұру, отырып, орамалды алып жүру. Орамалды сол қолына алып осы қимылдарды қайталау. Қаздар қанат қағады, аяқты жәй қойып, қолды түсіру. Қолды жанына созып, сермеу және "га-га-га" - деп түсіру. (4 рет қайталау) Қаздар дыбыстайды. Аяқты алшақ қойып, қолды түсіру. Алға еңкейіп, қолды артқа жіберу, "ш-ш-ш" - деп айту. Қаздар жем шоқиды. Аяқты жәй қойып, қолды түсіру. Қолды тізеге қойып отыру. Басты түсіріп, тұру Тыныс алу. Орамалды үрлеу. Бірінің соңынан бірі жүру. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы.	"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.	"Қатып қал" ойыны. Мақсат-міндеттер:	"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу.	"Қимыл ойлап табу" ойыны. Мақсат-міндеттер:

	Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	еркін қозғалыстарды дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап,	балалардың ой-қиялын, зейінін, қабылдау, пантомималық қабілеттерін дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін бастаушы етіп тағайындайды. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын
--	--	--	--	--	---

				үйде жат! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. (дене шынықтыру)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Құрастырудан ойын-жаттығу "Үй жануарларына арналған үйлер" Мақсат-міндеттер: Құрастыру үшін қажетті бөліктерді атау және таңдау қабілеттерін дамытуға ықпал ету, көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу, үй жануарлары	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Көңілді ойындар" Мақсат-міндеттер: Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу В. Сутеев "Үш мысық" (әңгімелеу) Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгімені зейін қойып тыңдауға үйретуді жалғастыру; әңгімені мазмұндай білуге үйрету; тілдерін дамыту, сөйлеу дағдыларын	Сурет салудан ойын-жаттығу "Көңілді доп" Мақсат-міндеттер: Балаларға сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін үйретуді жалғастыру; дөңгелек пішінді заттар жайлы түсініктерін қалыптастыру; негізгі үш түс жайлы	Музыкадан ойын-жаттығу "Денсаулық әуені" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру.

	туралы білімдерін бекіту.	тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасауды дағдыларын дамыту.	қалыптастыру; сөздік қорларын молайту; анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу.	білімдерін бекіту: мақта таяқшаларымен біркелкі бастыру біліктіліктерін дамыту; өз жұмыстарынан нәтиже шығаруға қызығушылықтарын арттыру; Шыдамдылыққа, эстетикалық қабылдауларын тәрбиелеу.	Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Шырша ағашын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: шырша ағашы туралы түсініктерді	Жәндіктерді бақылау (ара). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: аралардың тіршілігіне деген қызығушылықты	Аспанды және бұлтты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге үйрету; қадағалау	Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: жел туралы мағлұматты толықтыру; желдің	Құм мен топырақтың қасиеттерін бақылау (ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау) (қоршаған ортамен таныстыру,

	тиянақтау; балалардың сөздік қорын толықтыру; ағаштар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айту. Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда, ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңғарту. Шыршаның негізгі түсін, неліктен жапырақтардың жоқ болғанын сұрау. - Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады, себебі ол әрқашан жап жасыл, суықтан қорықпайды. - Шыршаның	арттыру; аралардың адамға беретін пайдасын білуге үйрету; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Жұмбақ. Ыжылдап ұшады, Гүлдерге қонады, Шырынын сорады, ұясына жинайды. Түр-түсі сары-ала, Аталады ... (Ара.) Жаз мезгілінде аралардың ұшып, гүлдерге қонып жүргенін бақылау, қорытынды жасау. Аралардың өсімдіктерге, адамға өте пайдалы екендігін түсіндіру. Аралар шығаратын балы аюлардың жақсы көретінін ескерту. Ауа райының салқындауы	барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін айтуға бейімідеу; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілдірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың,	түрлерімен таныстыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Әңгімелесу. - Жел дегеніміз не? - Жел қандай болады? - Жел қалай пайда болады? - Жел не үшін қажет? - Жел бізге керек пе, жоқ па? - Желді көрмесек қалай сеземіз? - Жел қай жақтан соғып тұр? Жаттығу. Жел соғады бетімізге, Тербеледі ағаштар. Тыныш - тыныш отырыңдар, Биік - биік ағаштар. "Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:	сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: кұм мен топырақтың қасиеттерін анықтау, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Топыраққа (жер, құм, саз), қазу, қопсыту арқылы назар аудару. Құм мен жер (топырақ) арасында қандай ортақ нәрсе бар. Ауамен, сумен бірге топырақ тіршілік өсімдіктерді қоректік көзі, сумен қамтамасыз ететін жердің жұмсақ қабаты «топырақ» деп аталады. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы. Топырақтың құрамында әртүрлі
--	---	--	--	---	--

	бұтақтарында жапырақтардың орнына қылқандар бар. Қылқандар түспейді, сондықтан қыста үстіне түскен қар бұталарды сындырмайды, қылқандардың арасынан жерге түсіп кетеді. - Шырша өте пайдалы ағаш, ол ауаны тазартып,денеміздің сау болуына көмектеседі. Жасыл желек жамылған Міне, сұлу шыршамыз Инелері тағылған Қандай сұлу шыршамыз! Еңбек әрекеті: ауланы курап түскен жапырақтардан тазарту. (еңбек	байланысты жәндіктер жоғалатынын айту. "Аю және ара" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын сөздерін айта отырып, кейіпкерлерді нақ көрсете білуге дағдыландыру; белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Аю болып киінген бала немесе тәрбиеші орындықта отырады (орманында). Ал аралар болып киінген барлық балалар орманға бүлдірген	Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. Еңбек әрекеті: кураған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Аллергиясы бар, сезгіш балалардың қатысуы-қатыспауын ескеру. "Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)	белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "акку-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Акку-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы	қажетті қоректік заттар су, ауа, саз, құм, шірінді болады. Топырақтың беткі қабаты қоңыр түсті болып келеді. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді. Құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі. Еңбек әрекеті: майда қиыршық тастарды жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ойын алаңындағы тастарды жинау, балаларды тазалыққа дағдыландыру. "Аю мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты: балаларды белгі, мәтін сөздері
--	---	---	--	--	---

	дағдылары) Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; бастаған істі аяғына дейін жеткізу "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүге отыра секіруге дағдыландыру. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып	теруге барады. Қимылдармен көрсетіп, мынадай сөздерді айтады: Орманында аюдың, Бүлдіргені көп екен, (Екі қолды жайып көрсетеді) Теріп-теріп алайық, (Тереді) Қалтамызға салайық! (Салады) Аю шықты апаннан (шығады) Бол тезірек қашайық! (Балалар қашады) Соңғы жол сөздерін айтқанда аю тұрып балаларды қуып, ұстайды. Осылай ойын 2-3 ойнатылады. Құралдары: аю мен аралардың маскалары, бүлдірген нақпішіндері (муляждары). Еңбек әрекеті:	Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан, тақпақ	жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын қарапайым түрде де ойнатылады: педагогтің қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.	бойынша қимылдауға дағдыландыру: белгілі аймақта бір-біріне соғылмай, жүгіріп, секіріп жүру және жан-жаққа шашырап жүгіру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу. Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы "аю" етіп сайлап, қалған балаларды "қояндар" болады. Ойында қояндар аюға ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс. Құралдары:
--	--	--	---	---	--

	жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан	орындықтарды, құмсалғыш шеттерін құмнан тазалау, сыпыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру, тазалыққа бейімдеу. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Балалардың еркін ойыны.	сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді. Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?" - деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірледі барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Соңғы сөздерді естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды.	Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырған кезде, секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді.	"қояндарға" медальондар, "аюға", маска. "Түсін тап" ойыны. (танымдық дағдылар) Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлау, түстердің арасынан негізгі түстерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дене тәрбиесіндегі арналған ойын: балаларда екі аяғымен алға қарай секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, жылдам жүгіру. Балалардың еркін ойыны.
--	---	--	---	---	---

	бері жасырынып тұрған "ку түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "ку түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Балалардың еркін ойыны.		Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжуда мұқиятты болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдары: үш-төрт шеңбер. Балалардың еркін	Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себеп, балаларға доптар. Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерге су құю. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: тазалыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа баулу. Құралдары: балаларға су құйғыштар. Балалардың еркін ойыны.	
--	--	--	--	--	--

			ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.		
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны құрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ояндық па бәріміз? Бір-бірімізге қараймыз. Күлімдейміз бәріміз. Керіліп созылып, Ақырын қане тұрамыз. Орнымызда жүреміз, Енді доп болып секіреміз. Адымдап жүреміз. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу	"Сиқырлы қапшық"	"Шұбар тауық" үстел үсті театры.	"Тәртіпке келтір" дидактикалық	"Дәрігерге не керек?" дамытушы	"Қонақтарды қарсы алу"

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. (қоршаған ортамен таныстыру,	Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. (танымдық дағдылар) "Өзіңе жұп тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау. (танымдық дағдылар)	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы (әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай түс екенін сұрайды. - Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қуыршаққа	ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту. Құралдары: дәрігер және басқа мамандар қолданатын құрал-заттар немесе кесілген суреттер. Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды, не үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,	сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) "Біз естиміз-жасаймыз" ойыны. Мақсат-міндеттер: мәтін бойынша естіген сөздерді, қимылмен көрсетуге дағдыландыру; ой-қимылды,
---	---	--	--	--	---

	сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) "Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)		қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) - Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады? - Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың үй құрылысы	еңбек дағдылары) "Жидек тереміз" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жидекке шығу, шөп, бұта арасынан іздеу, теру, себепке салу әрекеттеріне машықтандыру; жидекті теру үшін еңбек керектігін түсіндіру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Құралдары: себеттер, жидектердің нақпішіндері. Ойын аула жағдайында ұйымдастырылса, алдын-ала шығып, бұтақтарға жұмсақ қызыл түсті қағаздан шиыршықтарды (жидектерді) жапсырып, шөп	пантомикалық қабілеттерді дамыту. (дене шынықтыру)
--	---	--	---	---	---

			жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-құиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, кара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа	арасына шашыратып қоюға болады. (қоршаған ортамен таныстыру)	
--	--	--	--	---	--

			қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, еңбек дағдылары)		
Балалармен жеке жұмыс	"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс) Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. (математика негіздері)	Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет, қазақ тілі)	"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	"Кімге нені береміз?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, биік-аласа, қалың-жұқа ұғымдарын жетілдіру; заттарды салыстыруға дағдыландыру; өз ойын жеткізе білуге машықтандыру. (математика негіздері)	"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау. Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдары: жаз мезгіліне байланысты бейнеленген

					суреттер. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Салауатты өмір салты" туралы ата-аналармен әңгіме.	"Күн сәулесінен сақтанайық!" атты ата-аналарға жаднама.	"Жаздағы-дәрумендер" тақырыбында лэпбуктар әзірлеу.	Ата-аналар сұраныстары бойынша кеңес.	"Балалармен демалыс күнді қалай өткізуге болады?" тақырыбында кеңес.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова